


ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ БИОБИБЛИОГРАФИЯСЫНА МАТЕРИАЛДАР

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА



Яхия Дубәкірович
ДУБӘКІРОВ

АЛМАТЫ 2000



Дару Бакири

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
БИОБИБЛИОГРАФИЯСЫНА МАТЕРИАЛДАР

ЯХИЯ
ӘУБӘКІРОВИЧ
ӘУБӘКІРОВ

АЛМАТЫ, 2000

Жауапты редактор:
Экономика ғылымдарының докторы,
Профессор К.Н. Нәрібаев

Редколлегия мүшелері:
Жатқанбаев Е.Б.
Айтмамбетова А.Б., Жақыпова Ф.Н., Байжумаев
Б.Б., Канатбаев Е.К.

Құрастырушы:
Рафикова Л.Г.

Ағылшын тіліне аударған:
Макишева М.К.

Яхия Әубәкірович Әубәкіров: Биобиблиогра-
фиялық көрсеткіш /Құраст. Л.Г. Рафикова; Жауапты
ред.: К.Н.Нәрібаев. Алматы: Қазақ университеті,
2000. 164 б.

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ НАЦИОНАЛЬ-
НЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
имени АЛЬ-ФАРАБИ

НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА

МАТЕРИАЛЫ К БИОБИБЛИОГРАФИИ УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА

АУБАКИРОВ
ЯХИЯ
АУБАКИРОВИЧ

АЛМАТЫ, 2000

Ответственный редактор:
Доктор экономических наук,
профессор К. Н. Нармбаев

Члены редколлегии:
Жатканбаев Е.Б.
Айтмамбетова А.Б., Жакыпова Ф.Н.
Байжумаев Б.Б., Канатбаев Е.К.

Составитель Л.Г. Рафикова

Перевод на английский язык:
Макишева М.К.

Яхия Аубакирович Аубакиров: Библиографический указатель /Сост.: Л.Г. Рафикова; Отв.ред. К.Н. Нармбаев. - Алматы: Казак университеті, 2000. - 164 с.

AL-FARABI KAZAKH STATE NATIONAL UNI-
VERSITY

THE SCIENTIFIC LIBRARY

BIBLIOGRAPHY OF SCIENTISTS OF KAZAKHSTAN

YAHIYA

AUBAKIROVICH

AUBAKIROV

ALMATY, 2000

Editor –in-chief:
K. N. Naribaev, Doctor of Economics, Professor

Editors:
E.B. Zhatkanbaev, A.B. Aitmambetova, F.N. Zhakipova,
B.B. Baizhumaev, E.K. Kanatbaev

Compiler
L.G. Rafikova

Translator :
M.K. Makisheva

Yahiya Aubakirovich Aubakirov: Bibliographical list
/ Comp. L.G. Rafikova; Edited by Naribaev K.N. -
Almaty: Kazakh University, 2000. - 164 p.

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті ғалымдарының библиографиясы сериясының жалғасы болып табылады.

Көрсеткіш әл-Фараби атындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор, экономикалық теория кафедрасының меңгерушісі Я.Ә. Әубәкіровке арналған.

Библиографияда жинақталған материалдар профессор Я.Ә. Әубәкіровтің 50 жылдық еңбек және ғылыми-педагогтік қызметтегі жолын қамтиды. Жарияланған еңбектер әр жыл көлемінде мерзімдік тәртіппен орналасқан. Әуелі қазақша, сонан соң орыс тілінде басылып шыққан еңбектері алфавит тәртібімен орналастырылған.

Библиография ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттерге, әсіресе экономикалық теориямен айналысушы мамандар үшін пайдалы бола алады.

Қарауға мүмкіншілік болмаған мақалалар “de visu” жұлдызшамен белгіленген.

Оқырмандар пайдалануына ыңғайлы болу үшін авторлардың аты-жөні және әліпбелік көрсеткіші қосымша беріліп отыр.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Предлагаемый указатель является продолжением серии биобиблиографий ученых Казахского государственного национального им. аль-Фараби.

Биобиблиография посвящена академику Национальной Академии Наук Республики Казахстан, доктору экономических наук профессору, заведующему кафедрой экономической теории Аубакирову Я.А.

Материал, помещенный в биобиблиографии отражает более чем 50 – летнюю трудовую и научно – педагогическую деятельность профессора Аубакирова Я.А.

Публикации расположены в хронологическом порядке в пределах каждого года по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском, затем на русском языках.

Библиография будет полезна ученым, преподавателям вузов, студентам, особенно специалистам, интересующимся вопросами экономической теории.

Статьи, которые не удалось просмотреть "de visu", отмечены звездочкой.

Для удобства пользования читателями в конце даны вспомогательные указатели: алфавитный трудов, именной соавторов, список принятых сокращений названий источников.

PREFACE

This work is the continuation of the biobibliographic series of the scientists and scholars of Al-Farabi Kazakh State National University.

It is devoted to Aubakirov Ya. A. Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Economics, Professor, Head of the Chair of Economic Theories.

The material given in the bibliography reflects the a labour and scientific pedagogical activity of Ya.A. Aubakirov within more than 50 years.

The published works are put in a chronological order alphabetically: first come his works in Kazakh, then – in Russian.

The bibliography will be of great use for scholars, teachers and students of higher schools, especially for the specialists interested in issues of Economic Theories.

The articles that are not looked through, are asterisked.

To the convenience of the readers additional indices are given in the end: the works themselves name of co-authors and the list of abbreviations of the sources used.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық ғылым академиясының академигі
Яхия Әубәкірұлы Әубәкіровтің
ғылыми-ұстаздық және қоғамдық қызметі туралы
қысқаша очерк

Яхия Әубәкірұлы Әубәкіров 1925 жылы 18 тамызда Қарағанды облысының Шет ауданындағы Ақтөбе селосында дүниеге келген. Ол Қарағанды облысының Ақбауыр ауылында орта білім алып, соғыс жылдары жеті жылдық ауыл мектебінің мұғалімі болып жұмыс істейді. 1944-1946 жылдары кеңес әскерінің құрамында өкімшілік қызметтің қатардағы жауынгері болып қызмет атқарады.

1949 жылы ол М.Горький атындағы Омск мемлекеттік университетін жақсы бітіріп, С.М. Киров атындағы қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ) экономика факультетіне аспирантураға түседі.

Осы кезден бастап өмірдегі жөне кәсіби жұмыстағы өзгерістерге қарамастан, болашақ академик Я.Ә. Әубәкіровтің ғылыми жөне педагогикалық қызметі Қазақстанның ең ірі оқу орнымен байланысты. Дәл осы ҚазМУ-да еңбек еткен жылдары жігерлі де білімге құштар жас маман өзінің оқытушылық жөне ғылым саласындағы жетістіктеріне қарай алғашқы қадамдарын жасап, адамдармен араласу мен ынтымақтастық арқасында мол тәжірибе жинақтайды. Ә.Әубәкіровтің ұстаздық жұмысы мен ғылыми зерттеулері Қазақстандағы экономика ғылымының қалыптасу кезеңінде оның дамуына негіз болды.

Яхия Әубәкірұлы Әубәкіров өзінің ғылыми ізденістерін педагогикалық практикамен тікелей байланыстырады. Ол тек ҚазМУ-да ғана емес, Алматы заң мектебінде, Орал педагогтік институтында саяси экономияның іргелі курсы мен аграрлық экономиканың проблемалары бойынша дәрістер оқыды.

Жас ғалым әрі педагогтің жан-жақтылығы мен өзінің терең білімін тыңдаушыларына жеткізе білетін қасиеттері студенттердің ғана емес, мамандардың да назарын аудартады. Ел арасында өсіресе, оқушылар мен жұмысшы жастарға экономикалық, философиялық және басқа да гуманитарлық білімді насихаттауға үлкен жауапкершілікпен қараған сол жылдарда Я.Ә. Әубәкіровті Республика астанасының комсомол ұйымдары бірлесіп жұмыс істеуге шақырады.

ҚазМУ-дағы ғылыми-педагогикалық қызметімен үздіксіз айналыса жүріп, әрі өзін шақырған жоғары оқу орындарымен де тығыз байланыста болумен бірге, Я.Ә.Әубәкіров ҚР ЛКЖО ОК (ЦК ЛКСМ) арқылы республиканы көп аралайды. Ол Қазақстанның Батыс, Алматы және басқа да облыстарының тұрғындары арасында практикалық экономиканың мәселелері мен халық шаруашылығын дамытуға байланысты қызықты әңгімелер өткізіп, көптеген дәрістер оқиды.

1952 жылы аспирантураны аяқтап, Қазақ ССР-інің қой өсіретін колхоздарындағы ұйымдастыру мәселелерінің деген тақырыпқа жазылған кандидаттық диссертациясын өте жақсы қорғап, аспирантурадағы оқу мен диссертациясын жазу барысында жинақтаған білімін тәжірибеде қолдану мүмкіндігіне ие болғаннан шабыт-

танған Яхия Әубәкірұлы Әубәкіров саяси экономика-ның, ауыл шаруашылығы экономикасының жалпы курсы және арнаулы курстардың мазмұны мен оқыту әдістемесін жетілдіру бағытында белсене жұмыс істейді.

Осындай үздіксіз еңбегі оны ҚазМУ-дың саяси экономика кафедрасының жетекші жас мамандарының бірі деген мәртебеге ие болуына мүмкіндік туғызды. Жоғары оқу орнындағы педагогикалық жұмыс тәжірибесі мен қалың көпшілікке оқылған дәрістер оның сабағында пайдаланатын материалдарының мазмұнды да терең болуымен қатар студенттер қауымы мен қалың көпшілікке ұғынықты, көңілге қонымды болатындығымен де ерекшеленіп тұратындығына себеп болды.

50-жылдардағы еліміздің өміріндегі өте күрделі, кейде тіпті қарама-қайшылыққа толы процестер шаруашылық тәжірибесіне ғана емес, экономикалық теориялардың дамуына да әсер етпей қоймады. КСРО-дағы партиялық және саяси басшылықтың алмасуы аграрлық экономиканы талдау саласындағы ұстанымдарды да қайта қараудың қажеттілігін туғызды. Қазақстандағы аграрлық секторды дамытуға басымдық беру жағдайында мұндай жұмыстың маңызы айрықша болды. Осындай күрделі мәселелер Я.Ә.Әубәкіровтің ғылыми баяндамалары мен жарияланымдарында, дәрістері мен көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде көрініс тауып отырды.

Ол Қазақстан ЛКЖО ОК ғылыми-экономикалық білімді насихаттау бөлімі мен облыстық, аудандық партия ұйымдарымен тығыз байланысын үзбейді. Сол се-

бепті Республиканы көп аралауға тура келеді. Сондай ел арасында болған әрбір сапар барысындағы өндіріспен ауыл еңбеккерлерінің, жастар мен партия-комсомол жетекшілерінің алдында сөйлеген кездерінде Яхия Әубәкірұлы адамдармен қарым-қатынас жасаудың тәжірибесін меңгере түсумен бірге нақты экономикалық процестерді зерттеуге ұмтылып отырды. Осындай жұмыстар барысында ол Қазақстан ауыл шаруашылығының жетістіктері мен оң үрдістерін ғана емес иелік етушінісандар – колхоз, совхоз, машина-трактор станциялары мен тәжірибелік шаруашылықтарда орын алған кемшіліктерді де анықтап, ғылыми адалдық тұрғысынан зерттейді.

Я.Ә. Әубәкіровтің кейінгі көп жылғы қажырлы еңбегін арнаған ғылыми-педагогикалық қызметіндегі өзін қызықтырған мәселелер мен зерттеулерінің негізі дәл осы кезеңде қаланады. Нақтырақ айтқанда, социалистік шаруашылықтың принциптері мен жалпы заңдылықтарының мәселесі және аграрлық экономиканың қызметі оның еңбектерінен айрықша орын ала бастайды.

ҚазМУ-дың саяси экономия кафедрасының ассистенті, аға оқытушысы кезеңдерінен өте отырып, Я.Ә. Әубәкіров 1960 жылы осы кафедраның доценті атағына ие болады. Дәл осы 50-60 жылдары Яхия Әубәкірұлының педагогтік таланты танылып, шындала түсті. Ол Қазақстандағы экономика ғылымының дамуы мен жоғары білікті кадрларды даярлауға көп күшжігерін жұмсайды. Доценттік орынға өбден лайық бола отырып, Я.Ә. Әубәкіров экономикалық ілімнің теория-

сы мен тарихын зерттеуге жүйелі түрде әрі бұрынғыдан да үлкен жауапкершілікпен кіріседі.

Ол әсіресе, ауыл шаруашылығының теориясы мен практикасын зерттеу саласында жемісті еңбек етеді. Қанды соғыс аяқталғаннан кейін Кеңес елі ауыл шаруашылығын дамытудың әлемдік тәжірибесінде сол мерзімге дейін болып көрмеген істермен айналысып, тың және тыңайған жерлерді қарқынды түрде игеруге кеңінен жол ашыла бастаған кезеңде байтақ далалы Қазақстан сондай ісердің жүзеге асатын бірегей үлгісі болып табылды.

Қазақстандағы шаруашылық процестері көп жағдайда түбегейлі өзгерістерге ұшыратқан және қайта құрған мұндай теңдесі жоқ эксперимент барынша мұқият зерттеуді қажетсінді. Я.Ә. Әубәкіровтің экономика теориясының осы саласындағы тәжірибесі мен білімі ешбір күмәнсіз іс барысында тікелей пайдаланылды.

60-жылдары экономика ғылымының қазақстандық мектебі өте жылдам қарқынмен қалыптасып, дами бастағаны белгілі. Академик С.Б. Баишев, ҚазССР ҒА корр. мүшесі Г.Ч. Чуланов, профессорлар С.А. Нейштадт, И.М. Бровер, Ф.А. Жеребятъев, Т.Ш. Шәукенбаев, Т.Т. Төлебаев, М.Е. Бутин, В.Н. Пуриц, Г.Ш. Надиров, Д.К. Қабдиев, В.Г. Мордовин және т.б. сияқты тамаша ғалымдармен, оқытушылармен, Республикадағы экономика ғылымының негізін қалаушы ардагерлермен қатар жұмыс істей жүріп, Яхия Әубәкірұлы Әубәкіров те экономика теориясын дамытуға өзінің елеулі үлесін қосты.

Алайда оның отандық экономика ғылымын дамытуға қосқан үлесі осы аталғандармен ғана шектелмейді. Келешегінен үміт күттіретін жас ғалым өрі педагог ретінде ол сол жылдары ҚазМУ-дағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру саласында да көп жұмыстар атқарды. Мысалы, Я.Ә.Әубәкіров бірнеше жыл бойы экономика ғылымдары бойынша кандидаттық диссертация қорғайтын мамандандырылған кеңес хатшысының міндетін атқарып, аспиранттар мен ізденушілердің кандидаттық ғылыми дәреже алып, кәсіби тұрғыдан өсу барысында алқалы топтың алдына өз көзқарастарын қорғай білуіне нақты көмектерін көрсетті.

1963 жылы Қазақстан Компартиясының ОК мен ҚазССР-інің Үкіметі Алматы халық шаруашылығы институтын ашу туралы шешім қабылдайды. Республикада экономикалық білім беруді кең масштабта дамыту үшін экономикалық ғылыми зерттеулерді мамандандыру мен жеделдету, жоғары білікті практик-экономист мамандарды даярлау қажет болды. Мұндай жоғары оқу орнын құруға тек ҚазМУ-дың экономика факультеті ғана негіз бола алатын еді.

Жоғары білім беру министрлігінің шешімімен жаңа құрылған институтқа Я.Ә. Әубәкіров жіберіліп, ондағы енді ғана құрылған саяси экономия кафедрасының ұжымын басқарады. Осы қызметті ол 1967 жылға дейін атқарады.

Жаңадан құрылған жоғары оқу орнындағы оқыту мен ғылыми-зерттеулерді жолға қоюда кафедра меңгерушісінің, ұжым басшысының көп күш-жігері қажет болды. Жас мамандарды кәсіби маманданған дайын-

дықтан өткізуді қысқа мерзімде жолға қою қатаң талап етіліп отырған жағдайда, Я.Ә.Әубәкіровке өзінің жаңа өріптестерімен бірге оқу процесінің негізін тұтастай өздері жасауына тура келді. Республиканың басшылық етуші органдары АХШИ-ды Қазақстанның жетекші экономикалық жоғары оқу орнына айналдыру туралы нақты да күрделі міндет қойды.

Я.Әубәкіровтің АХШИ-ға ауысуы оған теориялық және методологиялық жұмыстарын одан өрі дамытуды жүктеді. Кафедра меңгерушісі жаңадан ұйымдасқан оқытушылар ұжымын басқарумен бірге институт пен кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде де алдыңғы қатардан көрінуге міндетті еді.

Осыны өте жақсы түсініп өрі өзіне жүктелген кафедра меңгерушісінің міндетін ойдағыдай атқара отырып, Я.Ә.Әубәкіров белсенді де адал ғалым ретінде өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарынан ешқашан қол үзген емес. Ол сол кезеңнің өзекті мәселелері – ауыл шаруашылығын дамытудың заңдылықтары мен оны ұйымдастыруға арналған ғылыми мақалалар жариялап, ғылыми-зерттеу жұмыстарын үздіксіз өрі жүйелі түрде жалғастыра береді. Қазақстандағы ғылыми-экономикалық мектептің өкілдерінің бірі ретінде тек Қазақстандағана белгілі болып қана қоймай одан тыс жерлерде де танылып, осы кезеңде КСРО-ның ең атақты жоғары оқу орны – Г.В.Плеханов атындағы халық шаруашылығы институтында Бүкілодақтық ғылыми конференцияда баяндама жасайды. Ол жылдары мұндай ғылыми форумдарға қатысу үлкен бедел саналумен бірге өте жауапты да болатын. Осылайша, Я. Ә.

Әубәкіровтің зерттеуші-ғалым және маман ретіндегі беделі бүкілодақтық деңгейде мойындалды.

1967 жылы Москвада Я.Ә.Әубәкіровтің "Социализмнің экономикалық заңдарының масштабы мен қолданылу" саласын деген тақырыптағы баяндамасының тезисі жарияланды. Сол уақыт үшін қазақстандық ғалымның баяндамасы экономика теориясының іргелі бір мәселесін шешудің жаңаша методологиялық тәсілі ретінде ерекшеленді. Бұл жарияланым мен баяндама КСРО-дағы сол кездегі ең танымал – Москва экономикалық мектебінің беделді ғалымдары мен мамандарының арасында, Яхия Әубәкірұлы Әубәкіровтің ғылыми өмірбаянының жаңа бір бетін ашты.

Іргелі экономикалық процестер мен заңдылықтарды талдау саласына арналған жаңа кешенді жүйелі зерттеу принциптерін ұсына отырып, терең де жан-жақты білімді, жаңа экономикалық теорияларды қабылдауға дайын, ғалым өрі маман ретінде өзінің шығармашылық талантының дер шағында болған ол - Қазақстан экономист ғалымдарының ішінен сол жылдардағы философия мен жүйелік-құрылымдық талдау методологиясы саласындағы кең өріс алып келе жатқан теориялық-методологиялық зерттеулердің маңызын ең бірінші түсінгендердің бірі болды.

1967 жылдың желтоқсанында Я.Ә. Әубәкіров АХШИ-ның оқу ісі жөніндегі проректоры қызметіне тағайындалады. Әкімшілік-ұйымдастырушылық міндеттердің күрделенуі, өзі қалыптасуының басында тұрған институт қабырғасындағы тапсырылған жұмысқа деген үлкен жауапкершілік Яхия Әубәкірұлының са-

бактарын жүйелі түрде жүргізуіне кедергі жасай алмады. Қайта Я.Ә. Әубәкіров оқытушылық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын барынша қарқынды түрде жалғастыра түседі.

Өзінің аграрлық мәселелерге арналған саяси экономикалық зерттеулер саласындағы ізденістерін кеңейтіп өрі тереңдете отырып, Я.Ә. Әубәкіров "Социалистік ауыл шаруашылығындағы экономикалық заңдарды пайдаланудың мәселелері" деген тақырыпқа жазылған докторлық диссертациясын қорғауға дайындайды. Диссертация 1972 жылдың наурызында ҚазССР Ғылым академиясының экономика институтында сәтті қорғалады. Сол жылдың желтоқсанында КСРО жоғары және арнаулы орта білім беру министрлігінің жанындағы Жоғары аттестациялау комиссиясы Президиумының шешімімен Я.Ә.Әубәкіровке экономика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі беріледі.

АХШИ-де жұмыс істеген кезеңде ол өзін ойлы да кәсіби басшы ретінде танытты. Докторлық диссертация қорғау, өзінің ғылыми мектебін қалыптастыру мен дамыту, жоғары оқу орнының кәсіби оқытушысы, ғылыми зерттеулер мен жарияланымдардың жоғары сапасы – осының барлығы профессор Я.Ә.Әубәкіровті Қазақстан ғылыми-педагогикалық қауымдастығының ең беделді мүшелерінің біріне айналдырды.

Аталған қасиеттерді ескере отырып, басқарушы органдар Яхия Әубәкірұлын қайтадан С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне ауыстырады. Ол оқу ісі жөніндегі проректор қызметіне тағайындалады. 1972-1985 жылдар аралығында Я. Ә. Әубәкіров

ҚазМУ—да проректор болып үздіксіз жұмыс істейді де, 1985 жылдан бүгінгі күнге дейін гуманитарлық факультеттерге арналған саяси экономия кафедрасының меңгерушісі (қазір экономикалық теория кафедрасы). Өз университетінің ғылыми зерттеулері мен оқытудың жетілдірілуі, ҚазМУ сияқты ірі оқу орнының дамуы мен қалыптасуына қосқан үлесі және философия-экономика факультетінің қысқа мерзімде Қазақстандағы социогуманитаристиканың қуатты орталығына айналуы оның есімімен байланысты.

Осы жылдары ол өкімшілік жұмыспен бірге ҚазМУ-дың партия және кәсіподақ ұйымдарының жұмыстарына қатыса жүріп, экономика теориясынан дәріс оқиды, экономика заңдарын пайдалану мен оның қызмет ету механизмі, меншіктік қатынастарды трансформациялау сияқты өзекті мәселелер бойынша арнаулы курстар жүргізеді. Я.Ә.Әубәкіров өзінің ұстаздық білімі мен талантты ғалымдық тәжірибесін шаршамай, шалдықпай студенттерге, аспиранттарға, ізденушілерге, докторанттарға береді.

Оның ақжарқындығы мен айрықша дамыған әділет сезімі, өмірдегі көргендігі студенттер қауымы мен профессорлар, оқытушылар құрамының оған деген шынайы сүйіспеншілігі мен терең құрметін туғызды.

Оның тынымсыз еңбегі мен ғылыми-ұстаздық жұмысқа шын берілгендігінің арқасында көптеген студенттер ғылымға келіп практикалық экономика мен шаруашылық қызметті ұйымдастырудың нәзік қырларын меңгереді.

Я.Ә. Әубәкіров ұйымдастыру жұмыстары мен ғылыми-педагогикалық қызметін ұштастыра жүріп, қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми еңбектер мен оқулықтарды, оқу құралдарын дайындауға да белсене қатысады. Осы жылдары оның қаламынан экономика ғылымының теориялық мәселелері мен аграрлық экономиканың қазіргі мәселелеріне арналған бірнеше монографиялық жұмыстар жарық көреді.

Ол көптеген ұжымдық еңбектерді дайындап шығаруға қатысты. Оған көптеген белгілі мамандарды, кабинетті студенттерді, аспиранттарды, ізденушілер мен зерттеушілерді тарта білді.

Проф. Я.Ә.Әубәкіровтің ғылыми-әдістемелік еңбегінің өзіндік ерекшелігі - оның зерттеулерінің өзектілігі мен ғылыми жаңалығында, теория мен практиканың бірлігінде Қазақстандағы толық, нақты экономикалық даму мәселелерін, өсіресе, республика ауыл шаруашылығының аграрлық саласының мәселелерін талдап, жинақтауда. Бұл ерекшеліктердің барлығы оның үздіксіз шығармашылық еңбегінің жемісі болып табылады.

Экономика ғылымдарының докторы, профессор Я.Ә.Әубәкіровтің ғылыми-зерттеушілік және ұйымдастырушылық еңбегінің нәтижесі Қазақстанның ғылыми ортасында танымал болды. 1975 жылы ол ҚазССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, 1989 жылдан толық мүшесі болып сайланды.

Яхия Әубәкірұлы Әубәкіров қоғамдық қызметі мен еңбек жолы мемлекеттік наградалармен марапатталды. 1970 жылы Қазақстан жоғары оқу орындары қызмет-

керлерінің ішінен бірінші болып оған "Қазақ КСР Жоғары мектебінің еңбегі сіңген қызметкері деген құрметті" атақ берілді. Ол КСРО медальдарымен, КСРО Жоғары мектебінің үздігі белгісімен және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен "Құрмет" орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің құрмет грамоталарымен, КСРО Жоғарғы білім беру министрлігінің құрмет грамотасымен марапатталды.

Ғылым саласындағы және оның жетістіктерін таратудағы еңбегі үшін Яхия Әубәкірұлы Әубәкіровтің есімі Бүкілодақтық "Білім" қоғамының алтын кітабына жазылды.

Академик Әубәкіровті көптеген аумақтарда, бұрынғы Одақтың республикаларында, алыс және жақын шетелдерде жақсы біледі. Ол үнемі ғылыми конференцияларға қатысып, лекция оқыды, докторлық және кандидаттық диссертацияларға ресми оппонент болды.

Я.Ә.Әубәкіровтің ғылыми және педагогикалық қызметінің үлкен бөлігін оның ғылыми-ұйымдастырушылық еңбегімен ұштастырады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының қабілетті ұйымдастырушысы, жетекшісі ретінде ол бірнеше жыл Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті жанындағы кандидаттық диссертациялар қорғау жөніндегі мамандандырылған кеңестің төрағасы болды.

Университеттің өміріндегі, Алматы қаласы мен Республика өміріндегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласа отырып, Яхия Әубәкірұлы көп жылдар бойы республикалық "Білім" қоғамының экономика секциясының төрағасы болып істеді.

Академик Я.Ә.Әубәкіров өтпелі кезең экономикасының проблемаларын, нарықтық қатынастардың қалыптасуын қарастыра отырып, әр кезде өзіндік көзқарасын білдіріп отырды. Нарықтық қатынастарды ерекше етіп көрсетпей, әлеуметтік тұрғыдан бағытталған нарыққа көшу механизмінің жұмысы мен оның қалыптасуын мадақтамай, ол әр кезде көшпелі экономика жағдайында мемлекеттік тұрғыдан реттеп отырудың қажеттігін атап көрсетеді.

Я. Ә. Әубәкіровтің мемлекет иелігінен алумен экономиканың аграрлық саласын жекешелендіруге қатысты ұсыныстарының көпшілігі Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ғылыми еңбектері жинағында басылды.

Яхия Әубәкірұлы Әубәкіров жас мамандарды дайындауға көп күш жұмсады. Оның шәкірттері – бұрынғы философия-экономика факультетіне қарасты өзі басқарған саяси экономия кафедрасының, кейіннен 1991 жылы құрылған экономика және әлеуметтану факультетінің (қазір экономика және құқықтану институты) түлектері. Олар біздің Республикамызда және одан тыс жерлерде еңбек етуде. Аспиранттары мен ізденушілеріне ғылыми жетекшілік жасаған жылдарында ол 40-тан аса ғылым кандидаттары мен докторларын дайындап шығарды. Олар Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінде еңбек етуде.

Яхия Әубәкірұлы Әубәкіров беделді ғалым-экономист ретінде біздің елімізге ғана емес, сонымен қатар шет елдерге де танымал. Оның ғылыми байланыстарының географиясына, шет елдердің ғылыми және бі-

лім беру орталықтарында жасаған баяндамалары мен жарияланымдарына тоқталсақ, алыс шет елдердің өзінде Германия; Чехия, Словакия, Венгрия, Болгария, Англия сияқты елдерді қамтиды. Сондай-ақ, ғылыми форумдарға қатысушы мүше және лектор ретінде ол АҚШ-та, Мексикада және т.б. елдерде болған.

Мысалы, 1974 жылы Яхия Әубәкірұлы Будапеште өткен экономистердің IV Халықаралық конгресіне қатысқан. 1982 жылы ол Болгария мен Германияның бірқатар қалаларындағы университеттерде лекция оқыды. Ал 1989 жылы Мехико қаласындағы Халық университетінде және Мексика штатындағы басқа ірі университеттерде баяндамалар жасады. 1992 жылы Кентукки штатындағы университетте (АҚШ) Қазақстан Республикасының өзекті мәселесіне, оның халықаралық экономикалық ынтымақтастықтарының болашағына арналған баяндама жасады. 1994 жылы ҚазМУ-дың ректоры, проф. К.Н.Нәрібаев бастап барған делегацияның құрамында ол Англияға барды. Онда ол Ұлыбритания университеттерінің бірқатар жұмыстарымен танысты.

Қазақстан экономистерінің ТМД елдеріндегі әріптестерімен жасап отырған байланысын қолдай отырып, академик Я.Ә.Әубәкіров соңғы 15 жыл ішінде Мәскеу, Санкт-Петербург, Екатеринбург, Ташкент, Бішкек, Қарағанды және т.б. қалаларда өткен аймақтық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысты.

Я.Ә. Әубәкіров көптеген жылдар бойы өзі шығармашылық байланыста болған Мәскеу, Ленинград, Киев,

Ташкент қалаларының ғалым-экономистері тарапынан ризашылықпен және жылы ілтипатпен шақырылды. Олардың ішінде Ресей Ғылым Академиясының академигі Леонид Иванович Абалкин, профессор Радаев Валерий Викторович, экономика ғылымының докторлары, профессорлар Николай Дмитриевич Колесов пен Владимир Иванович Котелькин (Санкт-Петербург), Украина Ғылым Академиясының академигі Анатолий Андреевич Чухно (Киев), Вячеслав Иванович Олигин-Нестеров (Екатеринбург), Борис Васильевич Титов, Владимир Николаевич Тельнов (Саратов), А.У. Орузбаев, Р. Рыскулбеков, Қырғызстан ҒА академигі Т. Койчиев, В.П.Чернова, К. Базарканов, Лейлиев (Қырғызстан), А. Абдыганиев, Н.И. Пак, В. Ли (Өзбекстан) бар.

Оның халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда жасап жүрген баяндамаларының басты тақырыптары қазіргі экономика теориясының, аграрлық қатынастардың, өтпелі кезеңдегі аралас экономика теориясының мәселелеріне, нарықтық қатынасқа көшудің ерекшеліктеріне арналады. Оның барлығында да Қазақстан Республикасындағы материалдар негізге алынады.

Яхия Әубәкірұлы Әубәкіровтің еңбектері егемендік, саяси және экономикалық тәуелсіздік алып жатқан жас Республикамызға пайдалы болатыны күмәнсіз. Академик Я.Ә.Әубәкіровтің еңбектері жаңа оқулықтар жазу үшін де маңызды. Оның жетекшілік етуімен соңғы жылдары саяси экономика және экономика теориясының негіздері бойынша жоғары оқу орындарының студенттері үшін қазақ тілінде үш оқулық дайындалып,

басылып шықты. Ол жоғары оқу орындары арасындағы оқытушылардың жыл сайын өткізілетін ғылыми-әдістемелік конференциясына, студенттердің ғылыми конференциясына белсенді түрде қатысып, мерзімдік басылымдарда ойларын білдіріп отырады.

Я.Ә. Әубәкіров қазіргі қазақстандық экономика ғылымының қалыптасуы үшін өлі де еңбек етуде. Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы жанындағы докторлық диссертациялар қорғау жөніндегі мамандандырылған Кеңестің мүшесі, ҚР ЖАК-ында экономика ғылымдары бойынша сараптау комиссиясының төрағасы, ҚазМУ-дің Ғылыми Кеңесінің төрағасы, "ҚазМУ хабаршысы журналының экономикалық ғылымдар сериясында" редакциялық алқа мүшесі болып табылады. Бұрынғыша еңбектері Қазақстандағы экономика теориясының қалыптасуына негіз болатын жас ұрпақты қолдай отырып, докторанттар мен аспиранттарға ақыл-кеңес береді.

20 жыл бойы Я.Ә.Әубәкіров Қазақстан Республикасындағы жетекші экономикалық кафедраны басқаруда. Оның жарты ғасырдан аса өмірі мен қызметі еліміздің жетекші жоғары оқу орнының, Қазақстандағы жоғары экономикалық білім берудің дамуымен байланысты. Үлкен құрметке, сыйға бөленген Я.Ә.Әубәкіров тек үлкен өмірлік тәжірибеге ғана бай емес. Барлық өмір жолын шығармашылық еңбекке, қиын да маңызды міндет Қазақстандағы экономика ғылымы мен практикасының қаймағын құрайтын бірнеше мамандар тобын дайындап, тәрбиелеуге арнаған адамның адамгершілік жақтарын бағаламауға болмайды.

Академик Я.Ә.Әубәкіров терең және жанжақты зерттеу жұмысының ізденісіне бейімделген дарынды ғалым. Мұның бәрі оның монографияларынан, оқулықтары мен теориялық-әдістемелік жинақтарынан көрінеді. Ғылыми және ұйымдастырушылық қабілетке ие бола отырып, ірі ғалым, педагог ретінде өзінің жаңалыққа құштарлығымен айналасындағыларға қуаныш сыйлай алды. Яхия Әубәкірұлының шексіз гуманизмі, жанының жытулығы мен тұла бойының қарапайымдылығы, әр кезде тыңдап, көмектесуге дайын болуы нағыз адамның ары мен ұятының эталоны, үлгісі бола алады.

Экономика ғылымдарының докторы,
профессор, өл- Фараби атындағы

ҚазМУ-дың проректоры Е.Б.Жатқанбаев

КРАТКИЙ ОЧЕРК
научно-педагогической и общественной
деятельности академика
Национальной Академии наук
Республики Казахстан
Яхии Аубакировича АУБАКИРОВА

Яхия Аубакирович Аубакиров родился 18 августа 1925 г. в селе Актобе Шетского района Карагандинской области. Среднее образование получил в с. Акбаур Ка-

рагандинской области. В годы войны работал в колхозе, учителем семилетней школы, 1944-1946 годах служил в советской армии в качестве рядового административной службы.

В 1949 г. он успешно оканчивает Омский государственный университет им. А.М. Горького и поступает в аспирантуру экономического факультета Казахского государственного университета им. С.М. Кирова (ныне Казахский государственный национальный университет им. аль-Фараби).

С тех пор научная и педагогическая деятельность будущего академика Я. А. Аубакирова, несмотря на перемены в жизни и профессиональной работе, связана с самым крупным учебным заведением Казахстана. Именно в стенах КазГУ упорный и любознательный молодой специалист делает первые шаги в своей преподавательской и научной карьере, приобретает бесценный опыт сотрудничества и общения с людьми, чья педагогическая работа и научные исследования станут основой развития казахстанской экономической науки в период ее становления.

Яхия Аубакирович Аубакиров свои научные изыскания непременно связывает с педагогической практикой, читая лекции по фундаментальному курсу политической экономии и проблемам аграрной экономики не только в КазГУ, но и в Алма-Атинской юридической школе, в Уральском педагогическом институте.

Глубокая эрудиция, прочные знания и умение доносить их до своих слушателей – эти черты привлекают к молодому ученому и педагогу внимание не только студентов, но и специалистов. Я.А. Аубакирова также приглашают к сотрудничеству комсомольские организации столицы Республики, на которые в те годы возлагалась большая ответственность за пропаганду экономических, философских и других гуманитарных знаний среди населения, особенно – среди учащейся и работающей молодежи.

Поэтому, интенсивно занимаясь научно-педагогической деятельностью в КазГУ и активно сотрудничая с приглашающими его другими высшими учебными заведениями, Я.А. Аубакиров одновременно по линии ЦК ЛКСМ Казахстана много ездит по Республике. Он выступает с многочисленными лекциями, проводит интересные беседы по проблемам практической экономики и развития народного хозяйства среди населения Западно-Казахстанской, Алма-Атинской и других областей Казахстана.

Закончив в 1952 году аспирантуру и блестяще защитив кандидатскую диссертацию на тему "Вопросы организации в колхозном овцеводстве Казахской ССР", Яхия Аубакирович Аубакиров, вдохновленный возможностью практического применения знаний, полученных в процессе обучения в аспирантуре и подготовки своей диссертации, активно работает над совершенствованием содержания и методики преподавания политэкономии,

общего курса экономики сельского хозяйства и специальных курсов.

Все это позволило ему в достаточно короткий срок обрести на кафедре политэкономии КазГУ статус одного из ведущих молодых преподавателей. Опыт педагогической работы в высшем учебном заведении и лекторской работы среди населения позволил ему так выстраивать материалы своих занятий, что они отличались не только известной глубиной и содержательностью, но и доходчивостью, доступностью для широкого круга студентов и слушателей.

50-е годы в жизни страны были ознаменованы очень сложными, порой противоречивыми процессами, что не могло сказаться не только на хозяйственной практике, но и на развитии экономической теории. Смена партийного и политического руководства в СССР вызвала к жизни необходимость пересмотра установок и в области анализа аграрной экономики. Такая работа была тем более значима в условиях преимущественного развития в Казахстане аграрного сектора. Все эти непростые проблемы находили отражение в научных выступлениях и публикациях Я.А. Аубакирова, в его лекциях и публичных выступлениях.

Он продолжает активное сотрудничество с отделами пропаганды научно-экономических знаний ЦК ЛКСМ Казахстана, областных и районных партийных органов. Приходилось, естественно, много ездить по Республике. И из каждой поездки, во время которых Я.А. Аубакиро-

ву приходилось очень много и обстоятельно выступать перед труженниками промышленных и сельскохозяйственных предприятий, перед молодежью и партийно-комсомольским активом, Яхия Аубакирович всегда стремился извлечь практический опыт общения с людьми, одновременно внимательно и вдумчиво исследовать реальные экономические процессы. В этой работе им обнаруживались и последовательно, с научной добросовестностью исследовались не только положительные тенденции и сдвиги в сельском хозяйстве Казахстана, но и негативные стороны в деятельности хозяйствующих субъектов – колхозов, совхозов, машино-тракторных станций и опытных хозяйств.

Именно в этот период в научно-педагогической деятельности Я.А. Аубакирова окончательно формируются основы его дальнейших исследований и интересов, реализации которых он в последствии посвятил многие годы упорного труда. В частности, одной из ключевых в его разработках становится проблема общих закономерностей и принципов социалистического хозяйствования, организации и функционирования аграрной экономики.

Последовательно пройдя периоды работы в качестве ассистента и старшего преподавателя кафедры политической экономии КазГУ, Я.А. Аубакиров в 1960 году становится доцентом этой кафедры. Именно в 50-60 годы проявился и развился педагогический талант Яхия Аубакировича. Много сил и энергии он отдает подготовке высококвалифицированных кадров и развития

экономической науки в Казахстане. Вполне заслуженно заняв должность доцента, Я.А. Аубакиров с еще большей ответственностью и последовательностью занимается проблемами теории и истории экономических учений.

Но особенно плодотворно он работает в области изучения теории и практики сельского хозяйства. Ведь Казахстан в то время стал уникальной моделью, где на огромных степных просторах возрождающаяся после кровопролитной войны Советская страна занялась делом, не имевшем до сих пор аналогов в мировом развитии сельского хозяйства – началось и интенсивнейшим образом расширилось освоение целинных и залежных земель. Этот беспрецедентный эксперимент, во многом существенно изменивший и преобразовавший хозяйственные процессы в Казахстане, требовал самого тщательного изучения. Без всякого сомнения, опыт и знания Я.А. Аубакирова в этой области экономической теории были востребованы самым непосредственным образом.

На 60-е годы, как известно, приходится время очень бурного становления и развития казахстанской школы экономической науки. Работая вместе с замечательными учеными и преподавателями, о которых в последствии мы с гордостью будем говорить как об основателях и ветеранах экономической науки Республики, такими, как академик С. Б. Байшев, член-корреспондент АН Казахской ССР Г. Ч. Чуланов, профессора С. А. Нейштадт, И. М. Бровер, Ф. А. Жеребятьев, Т. Ш. Шаукенбаев, Т.

Т. Тулебаев, М. Е. Бутин, В. Н. Пуриц, Ш. Г. Надиров, Д. К. Кабдиев, В. Г. Мордовин и многие другие, Яхия Аубакирович Аубакиров также внес свой достойный вклад в развитие экономической теории.

Однако не только этими обстоятельствами очерчивалось участие Я. А. Аубакирова в развитии отечественной экономической науки. Как молодой, перспективный ученый и педагог, в те годы он немало сделал и в области организации научных исследований в КазГУ. Так, например, в течение ряда лет Я.А. Аубакиров выполняет обязанности ученого секретаря специализированного совета по защите кандидатских диссертаций по экономическим наукам, практически помогая аспирантам и соискателям кандидатской ученой степени в их профессиональном становлении, в умении отстаивать свои взгляды в весьма представительной и компетентной аудитории.

В 1963 году ЦК Компартии Казахстана и Правительство Казахской ССР принимает решение об открытии Алма-Атинского института народного хозяйства. Республика нуждалась в интенсификации и специализации научных экономических исследований, в широкомасштабном развитии экономического образования, в высококвалифицированных кадрах экономистов-практиков. Естественно, что базой для создания такого высшего учебного заведения мог стать только экономический факультет КазГУ.

По решению Министерства высшего образования, Я. А. Аубакиров направляется на работу во вновь организуемый институт и возглавляет в нем первый коллектив кафедры политической экономии. В этом качестве он работает вплоть до 1967 года.

Работа заведующего новой кафедры, руководителя коллектива, который является одним из ключевых звеньев образовательного и научно-исследовательского процессов в только что созданном высшем учебном заведении, требовала колоссальных усилий. Вместе с новыми коллегами Я. А. Аубакирову приходилось практически все основание учебного процесса ставить не просто с «нуля», но в условиях, когда очень жестко требовалось в кратчайшие сроки наладить специализированную профессиональную подготовку молодых специалистов. Тем более что руководящими органами Республики ставились предельно ясная и в то же время крайне сложная задача – превратить АИНХ в ведущий экономический вуз Казахстана.

Переход на работу в АИНХ ознаменовал для Я. А. Аубакирова и дальнейшее развитие в теоретико-методологических разработках. Заведующий кафедрой должен был не только руководить вновь организованным коллективом преподавателей, но и быть лидером в научно-исследовательской работе кафедры и института.

Прекрасно понимая это, успешно справляясь с возложенными на него обязанностями заведующего кафедрой, Яхия Аубакирович, как активный и добросовест-

ный ученый, никогда не оставлял научно-исследовательского поприща. Он интенсивно и последовательно продолжает научно-исследовательскую работу, публикует научные статьи, посвященные актуальным для того времени вопросам организации и закономерностей развития народного хозяйства. Как один из представителей казахстанской научно-экономической школы, известных не только в Казахстане, но и за его пределами, он в это время делает обстоятельный доклад на Всесоюзной научной конференции в самом известном экономическом вузе СССР – в Институте народного хозяйства им. Г.В. Плеханова. В те годы участие в подобных научных форумах было не только престижно, но и весьма ответственно. Авторитет Я.А. Аубакирова, как ученого-исследователя и специалиста, был, таким образом, признан на общесоюзном уровне.

В 1967 году Я. А. Аубакировым были опубликованы в Москве тезисы доклада на тему "О масштабах и сферах действия экономических законов социализма". Для того времени доклад ученого из Казахстана отличался новизной методологического подхода к одной из фундаментальных положений экономической теории. Эта публикация и доклад в кругу авторитетных ученых и специалистов Московской экономической школы – самой мощной в то время в СССР, - открыли новую страницу в научной биографии Яхия Аубакировича Аубакирова.

Глубоко и всесторонне эрудированный, всегда открытый новым перспективам экономической теории, нахо-

дьясь - в силу своего творческого таланта ученого и специалиста, всегда на передовых рубежах своей науки, он одним из первых ученых –экономистов Казахстана понял значение разворачивавшихся в те годы теоретико-методологических исследований в области философии и методологии системноструктурного анализа, приложив принципы нового комплексного системного исследования к области анализа фундаментальных экономических процессов и закономерностей.

В декабре 1967 года Я. А. Аубакиров назначается на должность проректора АИНХ по учебной работе. Уложение административно-организаторских обязанностей, высокое чувство ответственности за порученный участок работы в стенах института, у истоков становления которого он был, не помешали Яхие Аубакировичу в его системных занятиях. Более того, Я. А. Аубакиров продолжает самую активную преподавательскую и научно-исследовательскую деятельность.

Расширяя и углубляя свои поиски в области политико-экономического исследования аграрной проблематики, в это время Я. А. Аубакиров готовит докторскую диссертацию на тему "Проблемы использования экономических законов в социалистическом сельском хозяйстве" Диссертация была успешно защищена им в Институте экономики Академии Наук Казахской ССР в марте 1972 г. В декабре того же года Я.А. Аубакиров решением Президиума Высшей аттестационной комиссии при Министерстве высшего и среднего специально-

го образования СССР была присуждена ученая степень доктора экономических наук.

В период работы в АИНХ он проявил себя как вдумчивый, профессиональный администратор. Защита докторской диссертации, организация и развитие собственной научной школы, исключительный профессионализм преподавателя высшего учебного заведения, высокое качество научных исследований и публикаций – все это делало профессора Я. А. Аубакирова весьма авторитетным членом научно-педагогического сообщества в Казахстане.

Учитывая названные качества, директивные органы вновь переводят Яхию Аубакировича на работу в Казахский государственный университет им. С. М. Кирова. Он назначается на должность проректора по учебной работе. С 1972 по 1985 год Аубакиров Я. А. непрерывно работает в КазГУ проректором, и с 1985 года по настоящее время заведует кафедрой политической экономии для гуманитарных факультетов (ныне – кафедра экономической теории). С его именем связано не только дальнейшее развитие преподавания и научных исследований в родном Университете, но и весомый вклад в становление и развитие такого важнейшего подразделения КазГУ, как философско-экономический факультет, ставший в очень короткое время мощным центром социогуманитаристики в Казахстане.

Все эти годы, несмотря на занятость в административной работе, активное участие в деятельности партийной

и профсоюзной организации КазГУ, он читает лекции по экономической теории, ведет спецкурсы по механизму действия и использования экономических законов, по проблемам трансформации отношений собственности и ряду других актуальных проблем. Я. А. Аубакиров без усталости отдает свои знания педагога и опыт талантливого ученого студентам, аспирантам, соискателям, докторантам.

Его внутреннее благородство и обостренное чувство справедливости, его жизненная мудрость снискали Яхия Аубакировичу глубочайшее уважение и искреннюю любовь со стороны студенчества и профессорско-преподавательского состава. Благодаря его неустанному труду и преданности научно-педагогической работе многие студенты идут в науку, осваивают тонкости практической экономики, организации хозяйственной деятельности.

